

INFLUENCE OF TEMPERATURE ON QUALITY AND IN NUMBER OF VITAMINS, COMPOSED OF CAMEL MILK

High Temperatures affect the quality of camel milk composition and quantity of vitamins. Effect of high temperature for quality and quantity of vitamins camel milk. This article describes that pasteurization of milk all processing steps largely affects the quality and quantity of vitamins.

Key words: milk, camel milk, enzyme et.d.

ӘОЖ 619:614.31

Барахов Б.Б., Мырзабеков Ж.Б., Тағаев О.О., Нарбаева Д.Д.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ДЕЗИНФЕКЦИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа Бұл мақалада жылқы шаруа қожалығында жүргізілетін профилактикалық дезинфекцияның тиімділігін бағалау барысында салыстырмалы түрде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, Пенопушка аппаратының көмегімен көбікті тәсілді жүргізу нәтижелері келтірілген.

Кілт сөздер: Пенопушка, профилактика, дезинфекция, микробтық фон

Кіріспе Жылқы шаруашылығында әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы іс-шараларды ерекше жоспарлап ұйымдастыру мен жүзеге асыру, жылқыларды күту жүйелерінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Еліміздегі жылқы шаруашылығы қожалығының иелері, шаруашылықта атқарылатын ветеринариялық - санитариялық нормалар мен технологияны дұрыс сақтамау салдарынан, инфекциялық аурулардың таралуына қауіп төндіреді. Сондықтан, жылқы шаруашылығында жұқпалы аурулардың алдын алу және жою шараларын ұйымдастырып, олардың орындалуын қамтамасыз ету керек [1,2].

Шаруашылықта инфекциялық ауруларға қарсы шаралардың жоспарлануы мен орындалуын қадағалаушы, кәсіпорын жетекшісіне бағынышты өндірістік ветеринария қызметінің малдәрігері болса, ал арнайы сұрақтар бойынша қалалық немесе аудандық бас малдәрігері жауапкершілігіне алады.

Ветеринариялық шаралардың орындалуына кететін шығын, шаруашылықтағы өндірістің технологиялық цикліне байланысты, кәсіпорыннан бөлінетін қаражат арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен, мұндай жағдайларды іске асыруда көптеген шаруа қожалықтарының мүмкіндігі жете бермейді. Осының салдарынан ветеринариялық-санитариялық шаралардың өз деңгейінде атқарылмауына байланысты, шаруашылықтарда инфекциялық аурулардың шығуы байқалып қалуда [3,4].

Сондықтанда, жылқы шаруашылығында өндірілетін өнімдердің сапасын арттыру үшін, маңызды шаралардың бірі болып табылатын – профилактикалық дезинфекцияны қолға алу қажеттілігі туындайтынын аңғарамыз [5].

Материалдар мен әдістер

Шаруашылықтағы қоралардың жалпы микробтық фоны мен микроорганизмдердің санитариялық көрсеткіштерінің индикациясын (стрептоктар, стафилококктар, асқазан ішек бактериялары) зерттеу келесі тәсілдермен жүргізілді.

Зерттеуге өндірістегі беткейлі жерлерден алынған сынамалар (дезинфекциядан бұрын және кейін) экспозицияға сәйкес алынды. Жағынды таяқшалар нейтрализаторы бар пробиркаларға салынып, сынамаларды центрифугалаудан кейін микроорганизмдерді өсіру үшін арнайы қоректік орталарға егіледі.

Қоралардағы ауаның микробпен ластану деңгейі Гуславский И.И., Мырзабеков Ж.Б., Ибрагимов П.Ш., Тағаев О.О. (1990) ұсынған сұйықтықпен ұстау әдісі таза химиялық әйнектен жасалған 50 мл УМ-1 АЗВИ шыны түтікпен (микроорганизмдерді ұстағыш құрал) анықталды. Зерттелетін қажетті ауа көлемі УГ-2 типті универсалді газоанализаторымен анықталды. Сүзгіш сұйықтық ретінде физиологиялық ерітіндісі алынды [6].

Мал қораларын дезинфекциялау шаралары ылғалды және көбікті тәсілдер арқылы жүргізілді. Дезинфекция шаралары Пенопушка аппаратының көмегімен жүргізілді.

Пенопушка (Германия) – жуу көбіктері тікелей су құбырларына қосылып тұратын пеноинжекторлардың арқасында қалыптасады. Жуу құралы мен ауа судың қысымының арқасында сорылып, дезинфекциялық ерітінді мен су қосылып, қысымның әсерінен, жұмысшы ерітінді көбік күйінде шашылады. Жуу құралы бір уақытта автоматты түрде немесе мақсатты түрде ажыратылады. Әғни, қолданар алдында қажетті мөлшердегі деңгейін таңдап алу қажет (А-тек су ағады, В-ерітінді ылғал күйінде шашылады, D-аздап көпіршіктенеді, E-көбіктілігі жоғары ерітінді).

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізілу мақсаты – жылқы шаруашылығы нысандарында әртүрлі жұқпалы аурулардың алдын алу үшін, шаруашылық жағдайында қолданылатын сутек асқын тотығы препараты мен салыстырмалы түрде қазіргі таңда қайта өңдеу кәсіпорындарында жиі қолданыста жүрген Германияда өндірілген «Неомаскан» препаратын Қазақстанда алғаш рет жылқы шаруашылығында сынақтан өткізу болды.

Сондықтан, жылқы шаруашылығындағы қоралар құрылысының салыну ерекшеліктеріне байланысты, дезинфекцияның тиімді тәсілдерін қолданып, дезинфекциялық препараттардың сапасына назар аударған жөн. Осы қағидаларды негізге ала отырып дезинфекцияның ылғалды тәсілі бойынша «Сутек асқын тотығы», ал көбікті тәсілімен «Неомаскан» препаратын қолданып шаруашылықта салыстырмалы зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Өндірістік зерттеу жұмыстары Алматы облысы, Талғар ауданында орналасқан «Сарсебек» шаруа қожалығында атқарылды.

Дезинфекциялық шараларды жүргізбес бұрын, жылқы қоралары мұқият механикалық тазалаудан өткізілді. Зерттеу қорасында «Неомаскан» препаратының 3%-ды концентрациясы қолданылса, бақылау қорасында сутек асқын тотығы ерітіндісінің 4%-ды концентрациясы қолданылды.

Зерттеу жұмыстарының тиімділігін бағалау үшін, қолданылған препараттардың жалпы микроорганизмдер мен санитариялық көрсеткіш микробтарға әсер етуін, жүргізілген дезинфекциялық шаралардың экспозициясын белгілеу, сонымен қатар қолданылған препараттардың бактерицидтік қасиеті жоғары болатын тиімді концен-трациясын анықтау сияқты қасиеттері арқылы жүргізілді.

Салыстырмалы түрде жүргізілген дезинфекциялық шаралардың нәтижелері төмендегі кестелерде келтірілген.



Сурет-1. Шаруашылықта дезинфекциялық шараларды жүргізу барысы

Кесте 1 – Пенопушкамен ылғалды тәсіл бойынша жүргізілген дезинфекциялық шаралардың нәтижелері

Көрсеткіштер	Сынама алудың экспозициясы, (сағат)					
	3			5		
	Препараттардың концентрациясы, %					
	1	2	4	1	2	4
Жалпы микробтық ластану, мың КТБ/м ³	63 %	65 %	70 %	88,1 %	92,7 %	96,8 %
Соның ішінде:						
<i>Echerichia coli</i>	58,0 %	62,4 %	66,3 %	86,6 %	90,8 %	97,6 %
<i>Salmonella enterica ssp. enterica</i>	50,5 %	58,0 %	62,1 %	82,2 %	88,6 %	97,0 %
<i>Staphylococcus aureus</i>	51,3 %	55,2 %	61,0 %	80,5 %	88,0 %	98,99 %
<i>Streptococcus fecalis</i>	52,1 %	57,6 %	61,4 %	87,5 %	92,0 %	97,9 %
<i>Proteus vulgais</i>	60,2 %	65,4 %	76,3 %	86,6 %	92,9 %	98,99 %

1-ші кестеден алынған мәліметтерді талдай отырып, «Сутек асқын тотығы» ерітіндісінің 3 сағаттық экспозициясының нәтижесінде, қорадағы жалпы микробтық ластану деңгейін жоюға қарсы қолданылған барлық концентрациялары айтарлықтай нәтиже бермегені анықталды. Сонымен қатар, санитариялық көрсеткіш патогенді микроорганизмдердің де тіршілікке қабілеттілігі 58-66,3%-ға дейін төмендеген. Мұндай жағдай дезинфекцияның төмендігін көрсетеді.

Ал, 5 сағаттық экспозициядан кейінгі зерттеу нәтижелері жақсы көрсеткішке ие болғаны анықталды. Жүргізілген дезинфекциялық шаралардың орташа тиімділігі 97,6%-ды құрады.

Кесте 2 – Пенопушкамен көбікті тәсіл бойынша жүргізілген дезинфекциялық шаралардың нәтижелері

Көрсеткіштер	Сынама алудың экспозициясы, (сағат)					
	3			5		
	Препараттардың концентрациясы, %					
	1	2	3	1	2	3
Жалпы микробтық ластану, мың КТБ/м ³	69 %	73 %	79 %	90,9 %	96,0 %	98,9 %
Соның ішінде:						
<i>Echerichia coli</i>	65,7 %	73,2 %	74,0 %	88,0 %	94,9 %	100 %
<i>Salmonella enterica ssp. enterica</i>	58,7 %	62,6 %	66,5 %	88,5 %	94,2 %	99,9 %
<i>Staphylococcus aureus</i>	59,1 %	62,3 %	68,2 %	91,5 %	96,0 %	99,9 %
<i>Streptococcus fecalis</i>	59,0 %	64,8 %	68,5 %	90,2 %	95,5 %	99,99 %
<i>Proteus vulgais</i>	69,8 %	73,5 %	85,0 %	92,6 %	96,7 %	100 %

Пенопушкамен көбікті тәсіл бойынша жүргізілген дезинфекциялық шаралардың нәтижелері 2-ші кестеде көрсеткендей, Неомаскан препаратының 3 сағаттан кейінгі экспозициясы да қажетті деңгейдегі көрсеткішке жеткен жоқ.

5 сағаттық экспозициядан кейінгі зерттеу нәтижесінде, қорадағы жалпы микробтық ластану деңгейі 98,9 %-ға дейін жетсе, санитариялық микроорганизмдер көрсеткіші 99-100%-дың аралығында болды. Бұл дегеніміз – дезинфекциялық шаралардың жақсы атқарылғанын көрсетіп, орташа тиімділігі 99,7%-ды құрады.

Сондықтан, жылқы шаруашылығында «Сутек асқын тотығы» ерітіндісін ылғалды тәсілмен қолданғанға қарағанда, «Неомаскан» препаратын көбікті тәсіл арқылы қолданудың тиімділігі жоғары екені анықталып отыр.

Қорытынды

1. Жылқы шаруашылығында профилактикалық дезинфекция шараларының тиімділігін бағалауда, Пенопушка аппаратының көмегімен «Неомаскан» препаратын көбікті тәсіл арқылы қолданғанда, дезинфекция тиімділігін 2,1-ға дейін артатындығы анықталды.

2. «Неомаскан» препаратымен шаруашылықта жүргізілген дезинфекциялық шаралардан кейінгі экспозиция 5 сағаттан кем болмау керектігі дәлелденді.

Әдебиеттер

1. *Гутовец А.Ю.* Структура заболеваемости спортивных лошадей / А.Ю.Гутовец // Ученые записки КГАВМ. Казань, 2008-Т.194. – С. 216-221.

2. *А.С. Кузнецов и др.* Гигиена животных. Москва: Колос, 2001

3. *Попов Н.А.* Организация сель-го коневодства Москва: Колос 1999.

4. *Гутовец А.Ю.* Эффективность использования рабочего времени ветеринарными специалистами в коневодстве / А.Ю.Гутовец // Ученые записки КГАВМ. / Казань. 2009. Т.193. – С. 70-73.

5. *Закомырдин А.А.* профилактическая дезинфекция животноводческих помещений // Ветеринария, 1991.-№5. -С. 8-16.

6. *Гуславский И.И., Мырзабеков Ж.Б., Ибрагимов П.Ш.* и др. Рекомендации по определению микробной загрязненности воздуха животноводческих помещений // Алма-Ата. - Кайнар. – 1990. – 9 с.

Барахов Б.Б., Мырзабеков Ж.Б., Тағаев О.О., Нарбаева Д.Д.

ОЦЕНКА КАЧЕСТВА ПРОФИЛАКТИЧЕСКОЙ ДЕЗИНФЕКЦИИ ПРОВОДИМОЙ В КОНЕВОДСТВЕ

В статье приведены результаты сравнительных исследований по определению эффективности профилактической дезинфекции в коневодстве. В ходе исследований в качестве дезинфекционной установки использована Пенопушка, в результате чего эффективность пенной дезинфекции повысилась на 2,1 %.

Кілт сөздер: Пенопушка, профилактика, дезинфекция, микробный фон.

Barahov B.B., Myrzabekov Zh.B., Tagaev O.O., Narbaeva D.D.

QUALITY ASSESSMENT PREVENTIVE DISINFECTION DONE EQUINE

The article presents the results of comparative studies to determine the effectiveness of preventive disinfection in horse breeding. In the course of studies as a sanitizer used Penopushka, whereby the efficiency of disinfection foam rose 2.1%.

Key words: Penopushka, prevention, disinfection, microbial background.

ӘОЖ: 637.12.61:645.23

Бодайқызы Б., Қазықанұлы О., Қадыкен Р.

*ҚХР, Шығызы университеті, жануарлар ғылымы институты,
ҚР, Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

ШИН ЖЯҢ ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа Мақалада Шин Жяңның жылқы шаруашылығының жалпы жағдайы мен ерекшеліктері жөнінде сөз болып, онда сақталып отырған негізгі мәселелер және оған төтеп берудің шаралары қарастырылған. Сонымен қатар, жылқы өнімдерін өңдеудің осы заманғы технологиялық әдістемелері баяндала келіп, болашақта Шин Жяң жылқы шаруашылығын қалай дамыту жөнінде ғылымй ұсыныстар берілген.

Кілт сөздер: мемлекеттік марка, таза қанды жылқы.

Кіріспе Қазақ ұлтының жылқы шаруашылығы мәдениеті әлмисақтан бері өркендеп дамуға бет алған, өз ерекшелігімен адамзат жылқы шаруашылығы мәдениетінің айрылмас бір бөлегі болып отыр. Ал қазақ жылқысы болса әлдеқашан қазақ ұлтымен біте қайнасып, қазақ қоныстанған өңірлердің мәдениет айнасына айналған. Қазір экономика мен қоғамның қарыштап дамуына сай, жылқы шаруашылығыда өркендеп даму бейнесін танытуда. Әсіресе таяудағы жылдардан бері аша тұяқты жануарларда болатын адам мен малға бірдей жұғатын жұқпалы аурулардың толассыз таралуына байналысты, жылқы еті мен сүті тіптіде өтімді бола түсті [1]. Жылқының терісі, жүні, қаны, сүиегі және ішкі ағзалары қатарлы қосымша өнімдерінің пайдаланылуы молая түсті. Жылқының қаны мен зәрі болса түрлі биогормондардың негізгі материалына айналды. Жылқының осы байлықтарын ұтымды пайдаланып, өтімі жақсы болса, жылқы шаруашылығы орта азия өңірлік экономикасын дамытудың ұлыттық даралыққа ие шаруашылығының біріне айналуы әбден мүмкін.

Материал мен әдістер Шин Жяңның жылқы шаруашылығындағы негізгі мәселелер. Жылқы бас санының күрт азаюы: Таяу жылдардан бері, жылқы шаруашылығының тоқырауына байналысты, Шин Жяңдағы жылқы саны күрт азайды, Шин Жяңның жерлік ерекшелігі мен абзалдығына ие қазақ жылқысы байлығы да жылдан-жылға азайып әрі тұқымы да азғындауда.